

“Астана медицина университеті” АҚ
«Эпидемиология және жұқпалы аурулар» кафедрасы

Студенттің өз бетінше атқаратын жұмысы

Тақырыбы: Эпидемиологиялық зерттеу әдістерінің анықтамасы және құрылымы. Жазба бағалау эпидемиологиялық әдістер. Сандық эпидемиология

Орындаған: Тұрғынова Ж.О.

Топ: 505 ҚДС

Тексерген: Ильясов Б.Б

Астана 2016

Жоспар

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Эпидемиологиялық зерттеу әдістерінің анықтамасы
2. Эпидемиологиялық зерттеу әдістерінің құрылымы
3. Жазба бағалау эпидемиологиялық әдістер
4. Сандық эпидемиология

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер





Кіріспе

Эпидемиологиялық қазіргі ғылыми- техникалық жетістіктерде пайдаланатын көптеген әдістерді қолдану бүгінгі күннің талабы. Мысалы: компьютерлік технологияны пайдаланып, эпидемиялық процестің математикалық үлгілерін және оған болжау жасауды оның көріністерін қадағалауды және әртүрлі компьютерлік бағдарламаларды жасауды: нәзік және өте дәл биохимиялық иммуногенетикалық әдістерді пайдаланып, қоздырғыштың жан –жақты қасиеттерін субмолекулярлық құрылымын зерттеуді гендік инженерлік технологияны пайдаланып, жаңа иммундық егулер жасауды.т,б жүзеге асыруға болады.

Эпидемиологиялық әдіс-инфекциялық аурулардың пайда болу себептерін, берілу механизмдерін анықтау және эпидемиологиялық жағдайды бағалауда қолданылатын әдістің жинақы.



Әдістемелік әдістер

1. Эпидемиологиялық тексеру мен

қадағалау

а) инфекция ошағын тексеру

б) аумақты барлаумен сараптау

в) микробиологиялық.

Серологиялық. Иммунологиялық.

Паразитологиялық, энтомологиялық,

санитарлық-химиялық әдістер

2. Аналитикалық әдістер

а) оқиға – бақылау түрінде зерттеу

б) когортты зерттеу (бір келкі топты зерттеу)

3. Статистикалық әдістер

4. Эксперименталдық әдіс

5. Математикалық үлгілеу

Зерттеу мақсаты

1. Инфекциялық аурулардың пайда болу жағдайын мен себебін анықтау: қауіп-қатердің алдыңғы себебін анықтау: эпидемиологиялық диагноз қою; аурудың этиологиясын дәлелдеу, эпидемиялық процеске қатынасатын буынақтылар түрі, кеміргіштер: аумақта инфекциялық аурулардың пайда болу мүмкіндігін, эпидемиялық жағдайды асқындырмау шараларын анықтау.

2. Қауіп-қатер факторларын болжап бағалау, қорытынды жасау. Эпидемиологиялық диагноз қою; қауіп-қатер факторға байланысты індетке қарсы шаралардың бағытын анықтау

3. Сырқаттанушылық деңгейінің дұрыс дәрежесін сандық бағалау; індетке қарсы және алдын алу шараларының тиімділігін анықтау

4. Болжауды дәлелдеу; індетке қарсы жұмысқа және алдын алу шараларына қолданылған жабдықтар мен әдістердің сандық тиімділігін бағалау

5. Эпидемиялық процестің көрінісін болжау

Эпидемиологиялық зерттеу әдістерінің құрылымы

1. Эпидемиологиялық тексеру мен бақылау.

Инфекциялық аурулар ошағын эпидемиологиялық тексеру әдісі ең алғашқы және маңызды болып саналады. Бұл әдіс ошақтың пайда болу жағдайы мен себебін, инфекция қоздырғышының көзін. Берілу факторлары мен жолдарын, сонымен қатар жұқтыру қауіп- қатеріне ұшыраған адамдарды анықтау үшін пайдаланылады.



2. Аналитикалық эпидемиологиялық әдістер:

Аналитикалық эпидемиологиялық зерттеудің мақсаты- эпидемиологиялық тексерумен қадағалау барысында инфекциялық аурулардың пайда болуы мен таралуы туралы диагностикалық болжауды бағалау үшін тексеру жүргізу.

3. Эксперименталдық эпидемиологиялық әдістер.

Инфекциялық аурулар эпидемиологиясында эксперимент эпидемиялық процестің тек кейбір жақтарын зерттеуге қолданылады, өйткені оны толық түрде жасауға болмайды.



4. Математикалық үлгілеу. Эпидемиологиялық әдістің барлық түрлерін қолданғанда эпидемиялық процестің көрінісін байқауды математикалық үлгілеу әдісімен бірге атқаруға болады

5. Статистикалық зерттеу әдістері.

Сырқаттанушылықтың негізгі көрсеткіштері және оны есептеу әдістері. Статистикалық зерттеу әдісінің мақсаты-эпидемиологиялық жағдайды атқарылатын індетке қарсы және алдын алу шараларының тиімділігін сан арқылы бағалау.

Эпидемиялық процестің сандық белгілері:

- * Сырқаттанушылық деңгейі (өлім-жітім, тасымалдаушылық)
- * Сырқаттанудың даму динамикасы;
- * Жыл ішінде таралуы (маусымдық жоғарылауының қарқыны)
- * Инфекцияның ошақтық көрінісі (пайда болған уақыты, ошақтардың саны, олардың даму мегілдері, бір немесе көп науқасты болып бөлінуі)

III. Қорытынды

Эпидемиологиялық тексеру мен қадағалау барысында әр түрлі мағлұматтар жиналады, олардың маңызына дұрыс баға беру қажет болады. Математикалық статистикалық әдістерді қолдану арқылы көптеген материалдардан толық мәлімет алып, олардың дұрыстығын бағалау қажет. Жиналған материалдарды статистикалық тексеруден өткізу әр түрлі құбылыстарға дұрыс баға беру үшін қажет, оның эпидемиялық процестің уақыт, кеңістік бойынша әр түрлі топтардағы көрінісін, даму барысын бағалауда маңызы зор.

IV. Пайдаланылған әдебиеттер

- Эпидемиология: Оқулық/ С. Ә. Әміреев, Ж. Темірбеков. 1-т.
- Әскери эпидемиология : оқу-әдістемелік құрал Шайзадина Ф.М.
- <https://kk.wikipedia.org>
- <http://kazmedic.kz/archives/4731>
- <http://www.uniface.kz>